# «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі

«Бекітемін»

«Жанерке» бөбекжай- бақшасы

жеке мекемесінің меңгерушісі

Д.Б.Сыдыкова

## «Құлыншақ» ортаңғы топ

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ**

# 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы: «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі»**
**Тобы: «Құлыншақ» ортаңғы топ**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022жыл қыркүйек айы**

| Қ/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| 1. | Дене шынықтыру | *денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимыл белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту:*<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылық тудыру, тыныс алу жаттығуларын жасауға дағдыландыру;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, үйлесімділікті дамыту;<br>- балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікте бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету;<br>- қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту;<br>- күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу, тамақтанар алдында сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;<br>- денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - **күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету;**<br>- **балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету.** |
| **2.** | **Сөйлеуді дамыту** | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту:***<br>**- дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуға үйрету;**<br>**- ойындар мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорды кеңейту;**<br>**- сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруға үйрету;**<br>**- суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, мульфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.** |
| **3.** | **Көркем әдебиет** | ***балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:***<br>- **таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге үнемі қарастыруға әдеттендіру;**<br>- **ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, өз ойын айтуға үйрету;**<br>- **оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.** |
| **4.** | **Қазақ тілі** | ***Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:.***<br>***қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; артикуляциялық аппаратты дамыту.***<br>***Сөздік қор:***<br>***- күнделікті өмірде жиі қолданылатын  сөздерді дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру;***<br>***Тілдің грамматикалық құрылысы:***<br>***- сөздерді және өзара байланыста тұрған сөз таптарын білдіретін сөздерді (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер) түсінуді үйрету;***<br>***-жай сөйлемдер құрастыруды үйрету.*** |

| | | |
|---|---|---|
| | | ***-қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?).*** |
| **5.** | **Математика негіздері** | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру:***<br>**-қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;**<br>**- «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру;**<br>**- заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп);**<br>**- шамасы бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру;**<br>**- геометриялық пішіндер: дөңгелек, шаршы, үшбұрышты тану және атау.** |
| **6.** | **Қоршаған ортамен таныстыру** | ***балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру.***<br>**- балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға баулу;**<br>**- заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру;**<br>**- кітаптарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;**<br>**- балабақша, балабақша қызметкерлері туралы түсініктерін кеңейту, балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру;**<br>**- құрдастарымен жұптасып ойнауда, шағын топпен ойында қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру.** |

| | | |
|---|---|---|
| **7.** | **Сурет салу** | ***балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.***<br>**-көлденең және тік сызықтарды салуға, олардың қиылысуын жүргізе білуге үйрету;**<br>**-әр түрлі пішіндегі көкөністер мен жемістер, ойыншық заттарды бейнелеуге машықтандыру;**<br>**Дәстүрден тыс салу әдісі арқылы салуға үйрету,** |
| **8.** | **Мүсіндеу** | **- сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу тәсілдерін пайдалана алуға үйрету;**<br>**- сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылық тудыру, мүсіндеу дағдыларын бекіту.** |
| **9.** | **Жапсыру** | **- дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға жаттықтыру;**<br>**- бейнеленетін заттарға сәйкес түстерді таңдай алуға үйрету;**<br>**- желімдеудің техникасына машықтандыру;**<br>**- желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануға баулу;**<br>**-қағаздың қасиеті туралы түсініктерді (жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады)жетілдіру.** |
| **10.** | **Құрастыру** | **- құрылыс материалының негізгі бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша танып, қолдана білуге үйрету;**<br>**- ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша құрастыруға машықтандыру;**<br>**- қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге айналдыруға баулу.** |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУБАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы: «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі»**

**Тобы: «Құлыншақ» ортаңғы топ**

**Балалардың жасы: 3 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022жыл қазан айы**

| **Қ/с** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|---|
| **1.** | **Дене шынықтыру** | ***денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимыл белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту:*** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;**<br>**- күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу, тамақтанар алдында сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету;**<br>**- мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;**<br>***жалпы дамытушы жаттығулар:***<br>**- Көзбен бағадарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды, педагогпен бірге орындау, жаттығуларды затпен затсыз орындау.**<br>***негізгі қимылдар:***<br>**- Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру, жүгіру.**<br>**- *Секіру*:**<br>**қос аяқтап басты затқа тигізе отырып,оғары қарай (2-3м) қашықтықта алға қарай жылжи отырып,тұрған жерінен ұзындыққа,(5-10см) биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан шеңберге секіру,**<br>***-лақтыру, тастау, қағып алу:***<br>**бір-бірінен (1,5-2м) арақашықтықта отырып,аяқтыалшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру,допты екі қолымен көкірек тұсынан кері екі қолмен жоғары,бастан асыра,жоғарыға қарай еденге лақтыру,допты қағып алу, көлденең алысқа,тура нысанға лақтыру.**<br>***-еңбектеу, өрмелеу:***<br>**тура бағытта (4-6м) арақашықтықта «жыланша»,арасы алшақтаған заттар арасымен, еденге қойылған бетімен, 40см биіктіктегі доғамен,арқанмен еңіс тақта,бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу,**<br>***-тепе-теңдікті сақтау:***<br>**тепе-теңдікті сақтай отырып,бір-бірінен 10см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен,еңіс тақта бойымен (20-30см) жүру.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | ***-сапқа қайта тұру:***<br>**сапқа бір-бірден шеңберге кішігірім топпен, тұтас топпен қайта тұру** |
| **2.** | **Сөйлеуді дамыту** | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту:***<br>**- *сөйлеудің дыбыстық мәдениеті*:**<br>**дыбыстарды айта білуге үйрету,**<br>***-сөздік қор:***<br>**-ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту**<br>**заттардың бөлшектерін ажыратуға, және атауға үйрету, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру.**<br>**- *тілдің грамматикалық құрылымы:***<br>**зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.**<br>**- *байланыстырып сөйлеу:***<br>**шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау, ересектермен сөйлесу кезінде, берілген сұрақтарды тыңдау, және түсіне білу, таныс ертегілерді ойнауға, сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.** |
| **3.** | **Көркемәдебиет** | ***балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:***<br>**- тақпақтарды, өлеңдерді асықпай және дыбыстарды анық мәнерлеп айтуға,**<br>**- ертегілердің,әңгімелердің мазмұнын түсінуге,тыңдауға бейнелі сөздерді еске сақтауға,**<br>**- кейіпкерге,оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.** |
| **4.** | **Қазақ тілі** | ***Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:.***<br>**қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; артикуляциялық аппаратты дамыту.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | ***Сөздік қор:***<br>**- күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздерді дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру;**<br>***Тілдің грамматикалық құрылысы:***<br>**- сөздерді және өзара байланыста тұрған сөз таптарын білдіретін сөздерді (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер) түсінуді үйрету;**<br>**-жай сөйлемдер құрастыруды үйрету.**<br>**-қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?).** |
| **5.** | **Математика негіздері** | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру:***<br>**- біртекті заттардан топтарды құрастыру, және олардың біреуін бөліп көрсету.**<br>**- ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру**<br>**- пішін түрлерін зерттеу (дөңгелек,шаршы, үшбұрыш)**<br>**- өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау,заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орн орналастыру.**<br>**- Өзінің дене бөліктерін бағдарлай алуға үйрету.** |
| **6.** | **Қоршаған ортамен таныстыру** | ***балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру.***<br>**- қоршаған ортаны қабылдау,кеңістікте бағдарлау**<br>**-Заттар мен олардың шамасын, түсін, пішінін ажырату және атау, қарастыру мен зерттеу, дағдыларын қалыптастыру.**<br>**- Бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды, салынған пішіндерді бояуды,.**<br>**-Жануарлар мен құстарға күтім жасауға баулу.** |
| **7.** | **Сурет салу** | ***балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.***<br>***Заттық сурет салу:*** |

| | | |
|---|---|---|
| | | -Бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды, салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс салу дағдыларын қалыптастыру.<br>, -сызықтарды,штрихтарды дақтарды, бояуларды ретімен қолдана алуға машықтандыру.<br>***Сәндік сурет салу:***<br>-Элементтердің пішінін,реттілігін,олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып,ою-өрнектерді жазықтықта орналастыруға үйрету.<br>***Сюжеттік сурет салу:***<br>-Қарапайым табиғат құбылыстарын бейнелеуге, суретті топтаса салып, қағаз бетіне тұтас орналастыруға үйрету. |
| **8.** | **Мүсіндеу** | - . сазбалшық, ермексаз, қамыр кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу,алақандарының арасында,жазықтықта түзету,және домалату қозғалыстары арқылы, бөліктерді жаю, тәсілдерін пайдалана алуға үйрету<br>- Сазбалшықтан, қамырдан ермексаздан мүсіндеуге қызығушылық тудыру, мүсіндеу дағдыларын бекіту. |
| **9.** | **Жапсыру** | - Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға жаттықтыру, ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастыру, желімдей білу,<br>- бейнеленетін заттарға сәйкес түстерді таңдай алуға үйрету,<br>- желімдеудің техникасына машықтандыру, желімді қылқаламға мұқият жағып алу,<br>жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануға баулу,<br>-Қағазды мыжу, жырту тәсілі арқылы орындауға машықтандыру. |
| **10.** | **Құрастыру** | - құрылыс материалының негізгі бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша танып, қолдана білуге үйрету;<br>- ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша құрастыруға |

| | | |
|---|---|---|
| | | **машықтандыру;**<br>- **қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге айналдыруға баулу.** |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ**

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН**

**ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы: «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі»**
**Тобы:** «Құлыншақ» ортаңғы топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 2022 жыл қараша айы

| Қ/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| 1. | Дене шынықтыру | **денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимыл белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту:**<br>-салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;<br>-күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу, тамақтанар алдында сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып |

| | | |
|---|---|---|
| | | сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету;<br>-мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;<br>**жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>-қол,иық,кеуде және аяққа арналған жаттығуларды педагогпен бірге орындауға  үйрету:<br>-жаттығуларды затпен және затсыз орындауға баулу.<br>**негізгі қимылдар:**<br>Жүру. Бір қалыпта аяқ ұшымен,өкшемен сапта бір-бірлеп жүру, шеңбер бойымен «жыланша», шашырап жүру, жүгірумен алмастыру:<br>**тепе-теңдікті сақтау.**<br>-тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру:<br>**Домалату,лақтыру, қағып алу:**<br>-заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруға үйрету (2,5-5м қашықтық)<br>-аяқтарын алшақ ашып отырып, 1,5-2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалатуға баулу:<br>-допты жоғары лақтыру,еденге соғу, қайта қағып алуға машықтандыру<br>**еңбектеу, өрмелеу:**<br>-тура бағытта (4-6м) арақашықтықта «жыланша»,арасы алшақтаған заттар арасымен еңбектеуге үйрету:<br>-доғаның астымен төрт тағандап еңбектеуге баулу:<br>**секіру:**<br>-бір орнында қос аяқпен секіруге үйрету:<br>- қолды белге қойып құрсаудан құрсауға секіруге машықтандыру:<br>-серуенде қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,<br>-ойын барысында кеңістікті бағдарлауға «жүгір,ұста,тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету<br>-қимылдарды орындауда балалардың дербестігін,белсенділігі мен шығармашылығын |

| | | |
|---|---|---|
| | | дамыту;<br>-балаларды доптар, машиналармен  өз бетінше ойнауға ынталандыру |
| 2. | Сөйлеуді дамыту | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту:***<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>-кейбір дауысты (а,ә,о,ұ) және кейбір дауыссыз (ж-ш,з-с, п-б) дыбыстардыанық айтуға үйрету, жаңылпаштар айтуға баулу<br>**Сөздік қор:**<br>-ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту<br>-сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>**-** дөңгелек пішінді (шарлар,бұлттар,күн) заттарды бейнелеуге үйрету;<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>-суреттерді қарастыруда, шығармаларды тыңдағаннан кейін алған әсерлерімен бөлісіп, өз ойларын айтуға үйрету;<br>-үлкендердің сөзін тыңдау және түсіну, олармен диалог құруда,қойылған сұраққа толық жауап беруге  машықтандыру |
| 3. | Көркем әдебиет | ***балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:***<br>-тақпақтарды, өлеңдерді асықпай және дыбыстарды анық мәнерлеп жатқа айтуға үйрету,<br>-кітаптағы суреттерді бірге қарастыру арқылы балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру<br>-ертегілерді,әңгімелерді,өлеңдерді тыңдай білуге үйрету, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу |
| 4. | Қазақ тілі | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:.**<br>-сөйлеу кезінде тыныс алуды, көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді |

| | | |
|---|---|---|
| | | тыңдау және түсіну, қазақ тіліне тән а,ә,қ,ұ,ү дыбыстарын дұрыс айтуға баулу;<br>-артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>-ауызекі сөйлеуде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын қолдануды қалыптастыру<br>-күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді, тұрмыстық заттардың және жемістер мен көкөністердің атауларын айту дағдыларын қалыптастыру;<br>**Тілдің грамматикалық құрылысы:**<br>-жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату,оларды көпше түрде қолдануға үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>**-**ойыншықтар мен суреттерді қарастыра отырып,оларды жай сөйлеммен сипаттап айтып беруге баулу<br>-қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?). |
| 5. | Математика негіздері | **инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту:**<br>**Сан.**<br>**-** заттардың санын ажыратуға үйрету<br>-біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету:<br>Шама.<br>-екі қарама-қарсы және бірдей заттарды шаманың берілген белгісі бойынша салыстыру,<br>-екі затты бір-біріне беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруға үйрету;<br>Геометриялық пішіндер.<br>- пішін түрлерін зерттеу (дөңгелек,шаршы, үшбұрыш)<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>- өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау;үстінде-астында,алдында-артында,сол-оң<br>Уақытты бағдарлау.<br>-қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауға үйрету;күндіз-түнде,таңертең-кешке. |

| | | |
|---|---|---|
| 6. | Қоршаған ортамен таныстыру | **Балаларды,оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру,оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға,қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту,рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.**<br>-әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету:<br>-балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға,отбасы мүшелерін, өзінің отбасы туралы әңгімелеп айтуға баулу;<br>-заттардың сапалары мен қасиеттерін сипап сезу,дәмін көру,есту арқылы тануды қалыптастыру;<br>-балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы,жаман» әрекеттер туралы қарапайым түсітүсініктерді дамыту:<br>-туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>-ауа райындағы,табиғат құбылысындағы маусымдық өзгерістерді атауға баулу:<br>-табиғаттағы және үйдегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға үйрету |
| 7. | Сурет салу | **Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын,зерттеу қабілеттерін,көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу.**<br>-көлденең және тік сызықтарды салу,олардың қиылысуын жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру (ыдыс-аяқ,көкөністер мен жемістер)<br>-дөңгелек пішінді (шарлар,бұлттар,күн) заттарды бейнелеуге үйрету;<br>-бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып,сүртіп кептіруге үйрету;<br>-бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуда,қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету;<br>-қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін салуға баулу;<br>-сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға баулу: |
| 8. | Мүсіндеу | -сазбалшық, ермексаз, қамыр кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу жаю |

| | | |
|---|---|---|
| | | тәсілдерін пайдалана отырып заттарды мүсіндеуге үйрету<br>-алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру:<br>-сазбалшықтан, қамырдан ермексаздан мүсіндеуге қызығушылық тудыру, мүсіндеу дағдыларын бекіту.<br>-мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға,ұқыпты болуға баулу; |
| 9. | Жапсыру | - дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға жаттықтыру, ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастыру, желімдей білу,<br>-бейнеленетін заттарға сәйкес түстерді таңдай алуға үйрету,<br>- желімдеудің техникасына машықтандыру, желімді қылқаламға мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануға баулу,<br>-жапсыруда қағазды умаждау, жырту әдістерін қолдануды үйрету;<br>-геометриялық фигуралардың (дөңгелек,үшбұрыш,шаршы) ортасына,бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыруға машықтандыру; |
| 10. | Құрастыру | -құрылыс материалының негізгі бөлшектері туралы  түсінік қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша танып, қолдана білуге үйрету;<br>-балалардың құрастыруға қызығушылықтарын арттыру:<br>-кірпіштерді,тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беріп, талдай білуге баулу:<br>-ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша құрастыруға машықтандыру;<br>-ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға баулу: |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ**

**2022-2023ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН**

**ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі»
**Тобы:** «Құлыншақ» ортаңғы топ
**Балалардың жасы: 3** жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2022жыл желтоқсан айы

| **Қ/с** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| 1. | **Дене шынықтыру** | ***денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимыл белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту:***<br>- Мәдени – гигиеналық дағдыларды жетілдіру,тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>- Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру : ас қасықты дұрыс қолдану, денені тік ұстау,нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып шайнау, тамақтанып болған соң аузын майлықпен сүрту, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға үйрету.<br>- Өзіне – өзі құрмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау, белгілі реттілікпен киінуге , |

| | | |
|---|---|---|
| | | шешінуге , ұқыптылыққа , киіміндегі олқылықты байқауға , олардыөз бетінше немесе ересектердің көмегімен реттеуге үйретуді жалғастыру<br>- Салауатты өмір салтын ұстану тармақтарын түсіндіру: Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, мұрын,құлақ, ауыз)үйрету,олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға , күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>- Сауықтыру –шынықтыру шаралары: Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>- Сапта тұру, қайта сапқа тұру.Бірінің артынан бірі сапқа тұру,шеңберге тұру,саптағы, шеңбердегң өз орнын табуға үйрету.<br>- Жүру: Бірқалыпты, аяқтың ұшымен ,тура және шеңбер бойымен  белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы ,заттарды айналып жүру,аттап жүруге дағды қалыптастыру.<br>- Жүгіріу:Тура, шеңбер бойымен, «жыланша» жүгіру, шашырап жүгіруге үйрету.<br>- Жалпы дамытушы жаттығулар : мойын бұлшық етіне, иық бұлшық етіне ,кеуде бұлшық еттеріне, аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды затпен және затсыз педагог көрсеткен нұсқаулық бойынша орындау.<br>- Негізгі қимылдар:<br>- Тепе – теңдікті сақтау.Тепе – теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай үстімен жүруді үйрету.<br>- Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру, аяқтарын алшақ қойып отырып, 1,5-2м қашықтықтан допты бір – біріне домалатуға үйрету.<br>- Еңбектеу,көлбеу тақтай үстімен , доға астынан еңбектеу.<br>- Қимылды ойын ережесін сақтау.<br>- Дербес қимыл белсенділігін арттыруға қолайлы жағдай туғызу. |
| **2.** | **Сөйлеуді дамыту** | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту:*** |

| | | |
|---|---|---|
| | | - Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:<br>-Дауысты (а,ә,е,о,ұ) және дауыссыз (п-б,к-қ,т-д) дыбыстарды анық айтуға үйрету,сөйлеу қарқынын өзгерту қабілеттерін дамыту.<br>- Сөздік қор:<br>-Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулар арқылы кеңейту,заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін , заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім,ыдыс , жиһаз) бір сөзбен атауға үйрету.Қарама – қарсы антоним сөздерді енгізу.<br>- Тілдің граматикалық құрылымы:<br>- Зат есімдерді жекеше және көпше түрде , етістіктерді келер және өткен шақта қолдануға үйрету.<br>- Байланыстырып сөйлеу:<br>- Суреттерді, заттарды қарастыруда балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| **3.** | **Қазақ тілі** | -Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым – қатынас жасауына жағдай жасау: бір – бірімен еркін ойында , дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу, сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарының есімін толық, дұрыс атауға үйрету.<br>- Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ғ, ү, ұ, ы дыбыстарын өздігінен айтуға баулу. |
| **4.** | **Көркем әдебиет** | ***балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:***<br>- Кітаптарға қызығушылығын ояту: Жаңа ертегілерді , әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге , олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға үйрету.<br>- Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекетерінің салдарын талқылау. |
| **5.** | **Математика негіздері** | ***инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның*** |

| | | |
|---|---|---|
| | | ***біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру:***<br>**-** Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп – біреу, (біреу- көп).<br>- Екі затты өлшемі бойынша салыстыруды үйретуді жалғастыру.(ұзын- қысқа, биік – аласа, артық-кем кем)<br>- Өзінің дене мүшелерін бағдарлау, өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды үйрету.<br>-Қарама – қарсы тәулік бөліктерін анықтау: күндіз – түнде,таңертең – кешке. |
| **6.** | **Қоршаған ортамен таныстыру** | ***балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру***.<br>- Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауды , атауды үйрету.<br>- Заттардың сапалары мен қасиеттерін : сипап сезу, дәмін көру,есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>- Көлік құралдарының , ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>- Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптсатыру.<br>- Балалар өздері тұратын қала мен ауыл , еліміздің астанасы ,Қазақстан Республикасының рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>-Туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. |
| **7.** | **Сурет салу** | ***балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін дамыту.***<br>- Сурет салу кезінде қаламды, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру.<br>- Балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен ,алақанмен , мақтамен )таңдауға мүмкіндік беру.<br>- Қазақ халқының өнер туындыларымен таныстыру. |
| **8.** | **Мүсіндеу** | ***балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін дамыту.*** |

| | | |
|---|---|---|
| | - Кесектерді алақандарының арасында домалату,есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуге үйрету.<br>- Бірнеше бөліктерді қосу, қысу , біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеуді үйрету.<br>- Қазақ халқының әшекей бұйымдарын (балдақ, сырға) мүсіндеу.<br>- сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылық тудыру, мүсіндеу дағдыларын бекіту. |
| **9.** | **Жапсыру** | - Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыруарқылы ұжымдық композиция құрастыруға үйрету.<br>- Қазақ халқының ұлттық ыдыс аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыруды жалғастыру.<br>- Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы,үшбұрыш)ортасына, бұрыштарына дайын ою – өрнектерді жапсыру арқылы киіз,кілем, көрпе,алаша, орамал жасау.<br>- Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау,бүктеу) қолдану. |
| **10** | **Құрастыру** | - Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату<br>- Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалауға үйрету.<br>- Үлгі бойынша және өз ойынан құрастыруға үйрету. |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі
**Тобы:** «Құлыншақ» ортаңғы топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023 жыл қаңтар айы

| **Қ/с** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|---|
| 1. | ***Физикалық қасиеттерді дамыту*** | ***Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру***<br>Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын арттыру: негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу.<br>Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту; құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу.<br>Спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру .<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау)<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада |

| | | |
|---|---|---|
| | | болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерінорындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу, нейрогимнастикалық жаттығулар жасау |
| 2. | ***Коммуникативт ік дағдыларды дамыту***<br><br>**Сөйлеуді дамыту** | ***Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту сөйлеудің дыбыстық мәдениеті***<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуды жалғастыру,<br>Сөйлеу қарқынын өзгерту, қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту<br>Ойын және ойын жаттығулары арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>Сөздерді жіктелуіне,септелуіне қарай байланыстыру,зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен, жәнезат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану,ересектермен диалог құру берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| 3. | **Қазақ тілі** | Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| 4. | **Көркем әдебиет** | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру,оларға суреттердің мазмұны |

| | | |
|---|---|---|
| | | туралы эмоционалды түрде айту,балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>Тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету |
| 5. | ***Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту***<br>**Математика негіздері** | ***Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту,жәнебалалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін, көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу, ұқыптылыққа, қауіпсіздік техникасын сақтауға үйрету.***<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру.<br>Заттардың санын ажыратуға үйрету:көп-біреу (біреу-көп).<br>Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең,<br>ені бойынша кең  кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең,<br>жалпы шамасы бойынша  үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде- астында, алдында-артында, оң-сол.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| 6. | **Сурет салу** | бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу,<br>штрихтарды, дақтарды ретімен қолдана алуға үйрету.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.<br>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.Тұтас қағаз парағына бейнені орналастырып салуға үйрету.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Дәстүрден тыс салу әдісі арқылы салуды жалғастыру |

| | | |
|---|---|---|
| 7. | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, заттарды мүсіндеуге үйрету.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (жүзік,сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. |
| 8. | **Жапсыру** | Қағаз бетінде көлемі,  түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.<br>Ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. |
| 9. | **Құрастыру** | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеугежәне кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып,бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған |

| | | |
|---|---|---|
| | | құрылыспен бірге ойнату,<br>Өз қиялдарымен құрастыруға үйрету. |
| 10 | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру***<br>**Қоршаған ортамен танысу** | ***Балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру***<br>Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болғансоң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту,балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару,<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ**

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН**
**ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі»
**Тобы:** «Құлыншақ» ортаңғы топ
**Балалардың жасы: 3 жастан бастап**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023 жыл ақпан айы.

| Қ/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| 1. | ***Физикалық қасиеттерді дамыту***<br>Дене шынықтыру | ***Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру***<br>Негізгі қимыл түрлері:<br>Тапсырмаларды орындай отырып жүру, қол ұстасып жүру,арқаннан ұстап жүру.<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы тоқтап жүгіру,белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру.<br>Оң және сол қолмен (1,5-2м қашықтықтан ) допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>Арқанның , доғаның астымен (биіктігі 40см) еңбектеу.<br>15-20см биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп,тұрған орнынан жоғары секіру.<br>Саптағы , шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>Ырғақтық жаттығулар: таныс , бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар : қол және иық белдеуіне, кеуде,аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар жасау.<br>Дербес қимыл белсенділігі: доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br>Спорттық жаттығулар: шанамен бір – бірін сырғанату.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру . |

| | | |
|---|---|---|
| | | Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: тамақты ауызды жауып шайнау,ауызды толтырып сөйлемеуге үйретуді жалғастыру.<br>Өзіне – өзі қызмет көрсету дағдылары: өзіне – өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдауды жалғастыру.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Дене белсенділігі мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу,массаж , тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| 2. | ***Коммуникативтік дағдыларды дамыту***<br>Сөйлеудідамыту | ***Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту , сөйлеудің дыбыстық мәдениеті***<br>Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>Дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш , санамақ айтқызу.<br>Сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну.<br>Ересектермен диалог құру.<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану.<br>Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру. |
| 3. | Қазақ тілі | Дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесу дағдыларын жетілдіру.<br>Сәлемдесуде,өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың |

| | | |
|---|---|---|
| | | атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштар жаттауға баулу.<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. |
| 4. | Көркем әдебиет | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты , мәнерлі үзінділерді қайталау.<br>Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап,айтуға мүмкіндік беру.<br>Қарапайым көріністерді ойнауға үйрету.<br>Кейіпкерлердің эмоцианалды образын беруге баулу. |
| 5. | ***Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту***<br>Математика негіздері | ***Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту,жәнебалалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін, көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу, ұқыптылыққа, қауіпсіздік техникасын сақтауға үйрету.***<br>Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.<br>Заттарға қосу және заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру.<br>«Тең бе?», «Қайсысы артық?» сауалдарына жауап беру.<br>Өлшемдері қарама – қарсы және бірдей заттарды салыстыру.<br>Кеңістік бағдарын анықтау оң – сол.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| 6. | ***Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін дамыту.*** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.<br>Қылқаламмен бояу дағдыларының дамуына ықпал жасау.<br>Қызыл, сары, көк, жасыл, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін |

| | | |
|---|---|---|
| | Сурет салу | (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Дәстүрден тыс салу әдісі арқылы салуды жалғастыру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| 7. | Мүсіндеу | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| 8. | Жапсыру | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру.<br>Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыру.<br>Ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>Ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| 9. | Құрастыру | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге үйрету.<br>Кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір- |

| | | |
|---|---|---|
| | | бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолдану.<br>Бөлшектерді орналастыру жәнекірпіштерді қалау.<br>Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану.<br>Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>Өз қиялдарымен құрастыруға үйрету. |
| 10. | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру***<br>Қоршаған ортамен танысу | ***Балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру***<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау машықтарын жетілдіру.<br>Заттардың спалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>Заттар , ойыншықтар, кітаптар, ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.<br>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>Жақсы мен жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>Балаларды әдепті қарым – қатынасқа үйретуді жалғастыру.<br>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы: «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі**

**Тобы: «Құлыншақ» ортаңғы топ**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 2023 жыл наурыз айы**

| Қ/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| **1.** | ***Физикалық қасиеттерді дамыту*** **Дене шынықтыру** | ***Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру*** **Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын арттыру: негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру.** **Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу.** **Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту; құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу.** **Спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.** **Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.** **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру .** **Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау)** **Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.** **Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **қызығушылықты арттыру.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу, нейрогимнастикалық жаттығулар жасау** |
| **2.** | ***Коммуникативтік дағдыларды дамыту***<br>**Сөйлеуді дамыту** | ***Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту сөйлеудің дыбыстық мәдениеті***<br>**Сөйлеу қарқынын өзгерту, қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту<br>Ойын және ойын жаттығулары арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.** |
| **3.** | **Қазақ тілі** | **Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.** |
| **4.** | **Көркем әдебиет** | **Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.** |
| **5.** | ***Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту*** **Математика негіздері** | ***Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту,жәнебалалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін, көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу, ұқыптылыққа, қауіпсіздік техникасын сақтауға*** |

| | | |
|---|---|---|
| | | ***үйрету.***<br>**қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.**<br>**Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар салтобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.**<br>**салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу**<br>**Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын**<br>**анықтау**<br>**үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде,**<br>**таңертең-кешке** |
| **6.** | **Сурет салу** | **Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру.**<br>**бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу**<br>**Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.**<br>**Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.**<br>**Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу** |
| **7.** | **Мүсіндеу** | **ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.** |
| **8.** | **Жапсыру** | **Қағаз бетінде көлемі, 41 түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.<br>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.** |
| **9.** | **Құрастыру** | **Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.** |
| | | |
| **10.** | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру*** **Қоршаған ортамен танысу** | ***Балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру*** **Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болғансоң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, балалардың назарын** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару,**<br>**Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.** |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы: «Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі**

**Тобы: «Құлыншақ» ортаңғы топ**

**Балалардың жасы: 3 жастан бастап**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2023 жыл сәуір айы**

| Қ/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | *денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, біліктері мен дағдыларын және негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру*: (*жүру, жүгіру,еңбектеу,* |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **1** | ***Физикалық қасиеттерді дамыту***<br>**Дене шынықтыру** | ***өрмелеу,домалату, лақтыру, секіру,дербес қимыл белсенділігі,жалпы дамытушы жаттығулар,қимылды ойындар,спорттық жаттығулар, дербес ойындар,мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру,сауықтыру-шынықтыру шаралары*** **)**<br>**Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан – жаққа баяу айналу.**<br>**Қырлы тақтайдың бойымен жүру.**<br>**Тоқтамай баяу қарқынмен (50-60ск ішінде) жүгіру.**<br>**Допты жоғары лақтыру, төмен еденге соғып, қағып алу.**<br>**Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу(биіктігі 1,5метр)**<br>**Тұрған орнынан ұзындыққа 40см қашықтыққа секіру.**<br>**Шеңберде тұру(көзбен бағдарлау бойынша)**<br>**Ырғақтық жаттығулар.Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.**<br>**Жалпы дамытушы жаттығуларды: қол және иық бұлшық еттеріне, кеудеге арналған жаттығулар, аяққа арналған жаттығуларды дамыту.**<br>**«Жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.**<br>**Ойындарға күрделі ережелер енгізу.**<br>**Тамақтанар алдында қол жуу,таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.**<br>**Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту, ауырмауға денсаулықты сақтауға ынталандыру,**<br>**«Салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсінік беру.**<br>**Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.** |
| **2** | ***Коммуникативтік дағдыларды дамыту***<br>**Сөйлеуді дамыту** | ***Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту , сөйлеудің дыбыстық мәдениеті***<br>**Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаш айту.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздерді сөздермен байыту.**<br>**Қарама – қарсы мағынадағы сөздерді – антонимдерді енгізу.** |
| | | **Ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш , санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.**<br>**Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.**<br>**Өз ойын айтуға үйрету.**<br>**Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану** |
| **3.** | **Қазақ тілі** | **Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.**<br>**Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат**<br>**нысандарының атауларын өздігінен қолдануды жалғастыру.**<br>**Тұрмыстық заттардың , жемістердің ,жануарлардың , төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.**<br>**Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.** |
| **4.** | **Көркем әдебиет** | **Жаңа репликаларды , кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.**<br>**Оқылған шығармадан ең қызықты , ең мәнерлі үзінділерді қайталау.**<br>**Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.**<br>**Кітаптарға қызығушылықтарын ояту.** |
| **5.** | ***Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту*** | ***Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту,жәнебалалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық*** |

| | | |
|---|---|---|
| | **Математика негіздері** | ***дағдыларын, зерттеу қабілеттерін, көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу, ұқыптылыққа, қауіпсіздік техникасын сақтауға үйрету.***<br>**Өлшемдері қарама – қарсы және бірдей заттарды салыстыру.**<br>**Бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою, тәсілдері арқылы салыстыру.**<br>**Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын – қысқа, бірдей- тең, ені бойынша кең кең –тар, бірдей, биіктігі бойынша биік – аласа, жалпы шамасы бойынша үлкен –**<br>**Кіші сөздерімен белгілеу.**<br>**Кеңістік бағдарын анықтау оң – сол.**<br>**Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.** |
| **6.** | ***Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін дамыту.***<br>**Сурет салу** | **Жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.**<br>**Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.**<br>**Қазақ ою өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.**<br>**Әр түрлі пішіндегі заттарды бейнелеуге үйрету.**<br>**Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.** |
| **7.** | **Мүсіндеу** | **Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.**<br>**Домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық – түлік тағамдарын үйрету.**<br>**Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар)** |

| | | |
|---|---|---|
| **8.** | **Жапсыру** | **Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру.**<br>**Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыру.**<br>**Ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.**<br>**Ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.**<br>**Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.**<br>**Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.** |
| **9.** | **Құрастыру** | **Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге үйрету.**<br>**Кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолдану.**<br>**Бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау.**<br>**Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану.**<br>**Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру.**<br>**Өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.**<br>**Өз қиялдарымен құрастыруға үйрету.** |
| **10** | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру***<br>**Қоршаған ортамен танысу** | ***Балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру***<br>**Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау машықтарын жетілдіру.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Заттардың айырмашылықтары мен атауларын , олардың көлемін , түсін, пішінін**<br>**қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру.**<br>**Қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру,**<br>**таныс заттарды ажыратуға үйрету.**<br>**Заттар , ойыншықтар, кітаптар, ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.**<br>**Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.**<br>**Жақсы мен жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.**<br>**Балаларды әдепті қарым – қатынасқа үйретуді жалғастыру.**<br>**Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.** |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕНОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУБАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНААРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы: «Жанерке» бөбекжайы» жеке мекемесі**
**Тобы: «Құлыншақ» ортаңғы топ**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 2023жыл мамыр айы**

| **Қ/с** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|---|
| **1.** | **Физикалық қасиеттерді дамыту Дене шынықтыру** | **Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру:*(негізгі қимылдыр; жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алу,домалату, музыкалық-ырғақты*** |

| | | |
|---|---|---|
| | | ***қимылдар,жалпы дамытушы жаттығулар.қимылды ойындар, дербес қимыл белсенділігі, салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдение-гигиеналық дағдыларын жетілдіру, шынықтыру-сауықтыру шаралары.)***<br>**Жүру:қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.**<br>**Тепе-теңдікті сақтау:тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.**<br>**Жүгіру:тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.**<br>**Еңбектеу, өрмелеу:  көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу ,және одан түсу (биіктігі 1,5 метр)**<br>**Лақтыру, қағып алу:оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бірбіріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.**<br>**Секіру:ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.**<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.**<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар: бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар: қол және иық белдеуіне,кеудеге,отырған, шалқасынан, етпетінен жатқан қалыпта,іштің бұлшық еттеріне,арқаға,аяққа арналған**<br>**Қимылды ойындар:қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу,қимылды ойындарды ойнату**<br>**Дербес қимыл белсенділігі, спорттық жаттығулар: үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру:үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.**<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.**<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.**<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары: серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.** |
| **2.** | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>**Сөйлеуді дамыту** | ***Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту***<br>***сөйлеудің дыбыстық мәдениеті***<br>**Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.**<br>**Ойын және ойын жаттығулары арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу,жаттату және сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.**<br>**Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.**<br>**Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.** |
| **3.** | **Қазақ тілі** | **Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету**<br>**Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу** |
| **4.** | **Көркем әдебиет** | **Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау, пікірлерін тыңдау**<br>**Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Шағын тақпақ, өлеңдерді жатқа айту.** |
| **5.** | **Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері** | ***Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту,жәнебалалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін, көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу, ұқыптылыққа, қауіпсіздік техникасын сақтауға үйрету.***<br>**қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.**<br>**Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар сал    тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.**<br>**Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын**<br>**анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол**<br>**Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке** |
| **6.** | **Сурет салу** | **Дөңгелек пішінді  заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу, Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **бейнені орналастыруҚұмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.** |
| **7.** | **Мүсіндеу** | **Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.** |
| **8.** | **Жапсыру** | **Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу .** |
| **9.** | **Құрастыру** | **Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.** |
| **10.** | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен танысу** | ***Балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру*** **Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен карауға** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң  ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйретуАуа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі  мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.** |